

**Қазақстан Республикасында банктердің жұмысын
доғару туралы
Ереже**

Ескерту: Ереженің атауы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 1998.12.31. N 340 қаулысымен.

1-тарау. Осы ережелер

Ескерту: Атауы өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 1998.12.31. N 340 қаулысымен.

1. Осы Ереже "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" (бұдан әрі - Банктер туралы заң), "Қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу мен қадағалау туралы" Заңдарына және Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген және екінші деңгейдегі банктердің (бұдан әрі - "банктер") жұмысын доғару шарттарын, негіздерін және тәртібін - қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) шешімі бойынша (мемлекеттік және мемлекетаралық банктерден басқа) банктердің қаржылық жағдайын сауықтыру және жұмыс сапасын жақсарту мақсатында оларға қатысты әкімшілік, құқықтық, қаржылық, ұйымдастыру-техникалық және басқа іс-шаралар мен рәсімдер кешенін күштеп жүзеге асыру тәртібін белгілейді.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді, жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 1998.12. 31. N 340 қаулысымен, ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 240 қаулысымен.

2. Жұмысын доғару режимін белгілеу уәкілетті орган банкке қарсы қолданатын санкциясы болып табылады және ол Ұлттық Банктен банкті басқарушы бір жыл мерзімге дейінгі уақытша әкімшілігін немесе уақытша басқарма тағайындауды талап етеді.

Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 240 қаулысымен.

Ескерту: Ереженің мәтіні бойынша "Ұлттық Банк", "Ұлттық Банктің", "Ұлттық Банкке" деген сөздер тиісінше "уәкілетті орган", "уәкілетті органның", "уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 240 қаулысымен.

3. Жұмысын доғару кезеңіндегі банкті басқарушы уақытша әкімшілік (уақытша басқарма) осы Ережелерден басқа уәкілетті органның басқа да нормативтік құқықтық актілерін және қолданылып жүрген заңдарды

Ескерту: 3-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 1997.12.05. N 431 қаулысымен, 1998.12. 31. N 340 қаулысымен.

4. Банкті уақытша басқарушы әкімшіліктің (уақытша басқарманың) міндеті өз міндеттемелерін уақтылы және толық орындау үшін банктің қабілеттілігін сақтау немесе қалпына келтіру, жұмыстағы кемшіліктерді және Қазақстан Республикасы заңдары мен банктің ішкі құжаттарының жөнсіздіктерін жою, сонымен қатар банктің қаржылық жағдайын сауықтыру, қаржылық қызмет көрсетуді тұтынушылардың банк ұсынған құқықтары мен заң мүдделерін қорғау және банктегі тәуекелдер мен ішкі бақылауды басқару жүйесін жақсарту мақсатындағы өзге іс-шараларды жүзеге асыру болып табылады.

Ескерту: 4-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 240 қаулысымен.

2-тарау. Банктің жұмысын доғарудың негіздері, шарттары және тәртібі

Ескерту: Атауы өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 1998.12.31. N 340 қаулысымен.

5. Өз капиталының жеткілікті деңгейін қалпына келтіретін және өтімділікке нақты мүмкіндігі бар болған жағдайда ғана доғарылады.

Ескерту: 5-тармаққа толықтыру мен өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 1998.12.31. N 340 қаулысымен, ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 240 қаулысымен.

6. Банктің жұмысы уәкілетті органның шешімі бойынша төмендегі кез келген негіздер бойынша доғарылады:

1) меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициентін жүйелі түрде (үш ай бойы) орындамау;

2) Банктер туралы заңның 48-бабында көзделген негіздер бойынша.

Ескерту: 6-тармаққа толықтыру мен өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен, 1998.12.31. N 340 қаулысымен, ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 240 қаулысымен.

7 . < * >

Ескерту: 7-тармаққа өзгерту енгізілді, алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен, ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 240 қаулысымен.

8. Банктің жұмысын доғару туралы шешім қабылданған күннен бастап және
с о л м е р з і м б о й ы :

- 1) банк акционерлерінің оны басқару жөніндегі құқықтары тоқтатылады;
- 2) банк органдарының өкілеттілігі тоқтатылады және оның басшы қызметкерлері жұмыстан босатылады;
- 3) банкті басқару жөніндегі барлық өкілдік уақытша әкімшілікке (уақытша басқармаға) көшеді;
- 4) уақытша әкімшіліктің (банктің уақытша басқармасының) рұқсатынсыз және келісімінсіз банктің атынан және оның есебінен жасалған барлық мәмілелер заңсыз деп танылады.

Ескерту: 8-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 1998.12.31. N 340 қаулысымен, 2006 жылғы 9 қаңтардағы N 5 қаулысымен.

9 . < * >

Ескерту: 9-тармаққа өзгертулер енгізілді, алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен, 1998.12.31. N 340 қаулысымен, ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 240 қаулысымен.

1 0 . < * >

Ескерту: 10-тармаққа өзгертулер енгізілді, алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 1998.12.31. N 340 қаулысымен, ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 240 қаулысымен.

11. Банктің жұмысын доғару туралы уәкілетті органның шешімі Басқарма Қаулысының үлгісінде ресімделеді және ол төмендегілерді қамтуға тиіс:

- 1) банктің атауы және тұрған орны;
- 2) банктің жұмысын доғару туралы шешімнің негіздемесі;
- 3) жұмысын доғару күшінің жүре бастауы және мерзімі;
- 4) банк қызметіне қойылатын шектеулердің тізбесі;
- 5) уақытша әкімшіліктің қызметкерлерінің құрамы немесе уақытша басқарманың аты - жөні;

б) банктің жұмысын доғару режимінде жүрген басшы қызметкерлеріне арналған жұмысы туралы есепті табысы жөніндегі декларацияны, меншігінің бар екендігі мен көлемі туралы мәліметтерді дайындау және осы құжаттарды уақытша әкімшілікке (банктің уақытша басқармасына) тапсыру туралы жазбаша бұйрық;

- 7) уақытша әкімшілікке (уақытша басқармаға) берілетін кепілдеме.

Ескерту: 11-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының

1997.12.05. N 413 қаулысымен, 1998.12.31. N 340 қаулысымен, ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 240 қаулысымен.

12. Банкке берілген қызметті шектеу тізбесі мыналарды қамтуы мүмкін:

- 1) банк филиалдары мен есеп айырысу-кассалық бөлімдерінің құқықтарын тоқтата тұру, оның атынан мәмілелерді дербес жасау;
- 2) бұрын жасалған сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттарының немесе банктің иелігінен мүліктерді алу туралы өзге мәмілелердің, заемдарды беру туралы шарттардың және кредит тәуекелі бар қаржыландырудың басқа түрлерінің орындалуын тоқтата тұру;
- 3) банк міндеттемелерін, оның ішінде шартты міндеттемелерді орындауды толық немесе ішінара тоқтата тұру.

Ескерту: 12-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 240 қаулысымен.

13. Жұмысын доғару режимін белгілеу және банкінің уақытша әкімшілігін (уақытша басқармасын) тағайындау туралы шешім банк органдары мен оның акционерлерінің назарына жеткізіледі.

Уәкілетті орган Басқармасының банктің жұмысын доғару туралы Қаулысын уәкілетті орган кем дегенде екі республикалық газетке банктің қаржысы есебінен жариялайды.

14. Банктің жұмысын доғару банктің өзінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

15. Уәкілетті орган Басқармасының банктік жұмысын доғаруды белгілеу туралы шешімі (оның тиісінше куәландырылған көшірмелері түрінде) банк басшылығына басқаша тапсырылатын жағдайларды айтпағанда, қолхат арқылы тапсырылады. Оны тапсыру үшін банктің тиісті лауазымды адамдары уәкілетті о р г а н ғ а ш а қ ы р ы л а д ы .

Қажет болса, жоғарыда аталған шешімді банк басшыларына тікелей банктің өзінде уәкілетті органның өкілетті лауазымды адамдары тапсыра алады.

Осы орайда банктің басшылығы уақытша әкімшіліктің (уақытша басқарманың) басшылығына қабылдап алу тапсыру актісі бойынша: мөрлерді, мөртаңбаларды, бланктерді, құндылықтарды, үй-жайлардың, сейфтердің кілттерін, сондай-ақ Банктер туралы заңның 56-бабында көзделген банктің басқа да мүліктері мен құжаттарын тапсыруға міндетті.

Ескерту: 15-тармаққа өзгертулер мен толықтыру енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен, 1998.12.31. N 340 қаулысымен, ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 240 қаулысымен.

Ескерту: 16-тармаққа өзгертулер енгізілді, алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен, 1998.12.31. N 340 қаулысымен, ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 240 қаулысымен

3-тарау. Жұмысын доғару кезеңінде банкке белгіленетін ерекше жұмыс режимі. Жұмысты уақытша доғарудың өкілеттіктері

Ескерту: Атауы өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 1998.12.31. N 340 қаулысымен.

17. Банк жұмысын доғару мерзімі кезінде уақытша әкімшіліктің (банктің уақытша басқармасының) қызметіне уәкілетті орган бақылау жасайды, ол:

1) уақытша әкімшілікке (банктің уақытша басқармасына) банк жұмысын доғару кезіндегі іс-шаралардың негізгі бағыттары туралы ақыл-кеңес беруге (негізгі іс-шаралардың жоспарын ұсынуға);

2) уақытша әкімшілікке (банктің уақытша басқармасына) орындауға міндетті ж а з б а ш а н ұ с қ а у б е р у г е ;

3) уақытша әкімшіліктен (банктің уақытша басқармасынан) оның және банктің қызметі туралы кез келген ақпараттың ұсынылуын талап етуге;

4) уақытша әкімшіліктің (банктің уақытша басқармасының) атқарған жұмысы т у р а л ы е с е б і н т ы ң д а у ғ а ;

5) жұмысын доғару мерзімін ұзартуға;

б) банктің жұмысын доғаруды аяқтау туралы шешім қабылдауға құқылы.

Ескерту: 17-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 1998.12.31. N 340 қаулысымен.

18. Жұмысын доғарудың күші басталғаннан бастап және соның мерзімінде уақытша әкімшілік (банктің уақытша басқармасы):

1) банк жұмысын доғару кезеңіндегі негізгі іс-шаралардың жоспарын (бұдан әрі - жұмысты доғару жоспары) бекітуді қоса алғанда, банк қызметінің барлық мәселелері бойынша өз бетінше шешім қабылдауға;

2) қажет болса жұмысын доғару кезеңінде қабылданған депозиттер бойынша банктің міндеттемелерін толық немесе ішінара тоқтатуға;

3) қажет болса банк жасасқан, банктің қаражаттары салуын көздейтін шарттардың бұзуға немесе оларға ставкаларды, тарифтер мен қолданылу мерзімдерін өзгертуді қоса алғанда өз тарапынан өзгертулер мен толықтырулар е н г і з у г е ;

4) банктің атынан кез келген құжаттар мен шарттарға қол қоюға;

5) банктің атынан және соның мүддесі үшін талап-арыз беруге;

6) жұмыстан босату, қызметін төмендету немесе қызметтен уақытша шеттету, банк қызметкерлерінің міндеттерін бөлуді қоса алғанда, бұйрық беруге құқылы;

7) кредитор мен борышкердің бір адам арқылы сәйкес келуіне байланысты өзара талаптарды есепке алуға құқылы;

8) уәкілетті органмен келісу бойынша депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйыммен кепілдік берілетін депозиттер бойынша банктің мүлігі мен міндеттемелерін Банктер туралы Заңның 73-1-бабына сәйкес басқа банкке (банктерге) беруге құқылы.

Доғару процесіндегі банкке қойылатын талаптары талап ету құқығын басқаға беру шартынан (шарттарынан) туындайтын кредитормен өзара талаптарды есепке алуға тыйым салынады.

Уақытша әкімшілік (банктің уақытша басқармасы) уақытша әкімшіліктің қызметі кезіндегі банктің өкілеттіктері тоқтатылған органдарына жүктелген басқа да міндеттерді орындайды.

Ескерту: 18-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 1998.12.31. N 340 қаулысымен, ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004.08.21 N 240, 2006.01.09 N 5, 2008.11.28 [N 207 Қаулыларымен.](#)

18-1. Жұмысты доғару жоспары мынадай іс-шараларды іске асыруды көздеуі тиіс:

1) баланспен есептелген банктің барлық активтерін және мүлігін, оның ішінде кепілдік мүлігін түгендеуді және олар жөнінде құқық белгілейтін құжаттарды, баланстық және баланстан тыс шоттардағы нақты қалдықтарды анықтауды жүргізу;

2) басқарудың оңтайлы құрылымын және банк қызметкерлерінің санын анықтау;

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, уәкілетті органға және корреспондент банктерге уақытша әкімшілік (уақытша басқарма) мүшелерінің қойылған қолдарының үлгілері мен банктің мөр бедері бар жаңа құжатты беру;

4) банктің, оның қызметіне, оның ішінде ерекше қатынастарымен банкпен байланысты тұлғалармен, бұрын жасаған шарттарының мақсатқа лайықтылығын анықтау және банктің мүдделеріне сәйкес келмейтін шарттарды бұзу жөніндегі шараларды қаблдау;

5) акциялардың жарияланған санын ұлғайту туралы (басқа бағалы қағаздарды шығару туралы) шешімді қабылдау арқылы банкті капиталдандыру жөніндегі шараларды және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында оларды орналастыруды және/немесе бес жылдан астам өтеу мерзімі бар реттелген борышты тартуды жүзеге асыру;

6) мерзімі өткен несиелік және дебиторлық берешекті өндіріп алу жөніндегі, банктік заем шартының және банк үшін құнды болып табылмайтын басқа активтер талаптарының құқықтарын басқаға беру жөніндегі жұмысты жүргізу, қаржыландырудың кез келген түрін жүзеге асыруды тоқтату, өтімді активтердің көлемін ұлғайту арқылы активтердің сапасын жақсарту;

7) шығыс операцияларын жүргізуге бақылау белгілеу, тарифтерді, сыйақы ставкаларын, банк операциялары бойынша комиссиялық алымдарды, еңбекақы төлеу шығыстарын, жалпы шаруашылық шығыстары мен амортизациялық аударымдарды қайта қарау жолымен банктің кірістілігін ұлғайту;

8) банктегі тәуекелдерді басқару жүйесін бағалау және оны жақсарту жөніндегі шараларды іске асыру.

Ескерту: 18-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 240 қаулысымен.

18-2. Банкті капиталдандыру жөніндегі шаралардың шеңберінде уақытша әкімшілік (уақытша басқарма) инвесторлармен банк шығарған акцияларды, сондай-ақ осы банктің акцияларына айырбасталатын облигацияларды сатып алуға опциндар жасауға құқылы.

Банктің акциялары Банктер туралы заңның және Қазақстан Республикасының өзге заңдарының талаптарын есепке ала отырып сатылып алынады.

Банктің иелігінен мүлікті алу жөніндегі мәмілелер уәкілетті органмен келісілу бойынша жүргізіледі.

Ескерту: 18-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 240 қаулысымен.

19. Уақытша әкімшілік ұжымдық орган болып табылады, оны жұмысын доғару режиміндегі банктің атынан іс-қимыл жасайтын басшы басқарады.

Уақытша әкімшіліктің шешімдері дауыстардың қарапайым көпшілігімен қабылданады. Дауыстар тең болғанда, оның басшысының дауысы шешуші болып табылады.

20. Уақытша әкімшіліктің басшысы:

1) банкті басқарады, Қазақстан Республикасы заң актілерінің заңды тұлғаға берген құқықтарға ие және міндеттерді орындайды;

2) банктің (соның ішінде оның филиалдарының) қызметкерлерін басшылық қызметке тағайындайды, жұмысқа алады және еңбек заңдарына сәйкес қызметкерлерді жұмыстан босатады;

3) жұмысын доғару міндеттерін орындауға қажетті шеңберде банктің мүлкіне иелік ету жөніндегі уақытша әкімшіліктің шешімін орындайды;

4) банк жұмысын доғарудың бекітілген жоспарын нақтылау жөнінде ұсыныс

енгізуге құқылы және оның орындалуын ұйымдастырады;

5) қажет болса, сырттан аудит немесе уәкілетті органның тиісті бөлімшелерін тарта отырып, банк қызметін кешенді немесе арнайы (іріктеп) тексеруді және уақытша әкімшіліктің күшімен қаржылық есеп жүргізуді банкінің іс жүзіндегі жағдайымен салыстыра тексеруді жүзеге асырады;

6) банк заңдарында көзделген басқа да міндеттерді атқарады.

Ескерту: 20-тармаққа өзгертулер, толықтыру енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 1998.12.31. N 340 қаулысымен, ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 240 қаулысымен.

2 1 . < * >

Ескерту: 21-тармаққа өзгертулер енгізілді, алынып тасталды, 22-38-тармақтар 21-37-тармақтар деп саналады - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен, 1998.12.31. N 340 қаулысымен.

21. Банктің уақытша әкімшілігі (уақытша басқармасы) уәкілетті орган белгілеген мерзімде жұмысын доғару жоспарына сәйкес қажетті іс-шаралар өткізуге және атқарылған жұмыс туралы уәкілетті органға есеп тапсыруға тиіс.

22. Уәкілетті орган уақытша әкімшілікті (банктің уақытша басқарушысы) оның қызметкерлері, депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның өкілдері не Банктер туралы Заңның 20-бабының 2-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетін өзге тұлғалар арасынан тағайындайды.

Ескерту: 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2008.11.28 N 207 Қаулыларымен.

23. Уақытша әкімшіліктің (банктің уақытша басқармасының) басшысының және мүшелерінің құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ еңбекақы төлеу шарттары туралы уәкілетті орган пен банктік уақытша әкімшілігінің (уақытша басқармасының) жасасатын жеке шарттарында белгіленеді. Уақытша әкімшіліктің (тағайындалған уақытша басқарманың) құрамына енгізілетін уәкілетті орган қызметкерлерінің еңбекақысын төлеудің шарттары мен тәртібі туралы мәселені әрбір адаммен уәкілетті орган Басқармасы жеке шешеді. Қажет болса, келісім-шартқа қолданылып жүрген заңның нормаларына қайшы келмейтін басқа да шарттар енгізуге болады.

Ескерту: 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 240 қаулысымен.

24. Еңбекақысын, көлік және басқа да шығындарды қоса алғанда, уақытша әкімшілікті ұстауға кететін шығындар тиісті банктің басқару шығындарына жатады және соның есебінен жүзеге асырылады.

25. Уәкілетті орган кез келген сәтте уақытша әкімшіліктің мүшелерін (банктің уақытша басқармасын) ауыстыруға құқылы.

4-тарау. Банк мүлкін басқару рәсімі

Ескерту: Атауы өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 1998.12.31. N 340 қаулысымен.

26. Жұмысын доғару режиміндегі банктің балансқа енгізілген немесе енгізілмеген барлық мүлкі түгенделуге тиіс. Балансқа енгізілмеген мүлік түгендеу ведомостында көрсетілуге және соңынан балансқа енгізілуге тиіс.

27. Уақытша әкімшілік (уақытша басқарма) мамандардың көмегімен (қажет жағдайда солардың қатысуымен) банктің мүліктерінің тізбесін жасауға, 1994 жылғы 16 желтоқсандағы N 194 "Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілері бар Ережелеріне" сәйкес олардың құндылығын анықтауға тиіс.

Ескерту: 28-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен.

28. Жұмысын доғару режиміндегі банктің мүлкі уақытша әкімшілік (уақытша басқарма) белгілеген тәртіппен және шарттар бойынша, соның ішінде бәсекелес ұсыныстарды қарау жолымен сатылады.

29. Мүлікті нақты ұсыныстар бойынша сатқанда, уақытша әкімшілік (уақытша басқарма) хабарландыруды кем дегенде екі республикалық газетте жариялауға тиіс. Хабарландыруда сатылатын мүліктің тізбесі, сондай-ақ уақытша әкімшіліктің өкілінің (уақытша басқарманың) аты-жөні, ұсыныстар тапсыруға болатын тұрған орны, телефон және факс нөмірі, сондай-ақ қай күнге дейін осы ұсыныстар қабылданатыны болуға тиіс. Егер мүлікті сатуды тиісінше өткізуге қажет болып жатса, көрсетілген уақыт әлдеқайда кештеу мерзімге ауыстырылуы мүмкін.

Уақытша әкімшілік (уақытша басқарма) ұсыныстарды қанағаттандыру туралы шешім қабылдауға және жеңген сатып алушыға жазбаша түрде хабар беруге тиіс.

Ескерту: 30-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен.

30. Мүлік:

- 1) мүліктің ең жоғарғы таза бағасы алынатындай;
- 2) сатудан болатын шығын аз болатындай;
- 3) сатып алушылардың бәсекесі бірқалыпты сақталатындай етіп сатылады.

Ескерту: 30-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 1998.12.31. N 340 қаулысымен.

5-тарау. Жұмысын доғаруды тоқтату

Ескерту: Атауы өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 1998.12.31. N 340 қаулысымен.

31. Банк жұмысын доғару төмендегі негіздер бойынша тоқтатылады:

- 1) уәкілетті органның шешімімен белгіленген жұмысын тоқтату мерзімінің ө т у і ;
- 2) жұмысын доғаруды мерзімінен бұрын аяқтау туралы уәкілетті органның ш е ш і м қ а б ы л д а у ы .

Ескерту: 31-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 1998.12.31. N 340 қаулысымен, ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 240 қаулысымен.

32. Банк жұмысын доғаруды (оның ішінде мерзімінен бұрын доғаруды) оның қаржылық жағдайын сауықтыруға және жұмыс сапасын жақсартуға байланысты тоқтату (оның ішінде мерзімінен бұрын тоқтату) осы банкке қатысты уәкілетті орган немесе уақытша әкімшілік (банктің уақытша басқармасы) белгілеген барлық шектеулерді жоюға апарып соғады. Осы орайда құрылтайшы құжаттарға жұмысын доғару мерзімінің ішінде енгізілген өзгертулер мен толықтырулар, банктің басқару органдары мен қызметкерлер құрамы күшінде қалады.

33. Банк жұмысын доғару, оның қаржылық жағдайын сауықтырмаған және жұмыс сапасын жақсартпаған жағдайда, уәкілетті орган банкке банк заңдарында көзделген санкциялар қолданылуына құқылы.<*>

Ескерту: 34-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 1997.12.05. N 413 қаулысымен.

6-тарау. Қорытынды ережелер

Ескерту: Атауы өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 1998.12.31. N 340 қаулысымен.

34. Жұмысын доғару режимі кезінде банк екінші деңгейдегі банктер үшін белгіленген тәртіппен және мерзімде есеп тапсырады.

35. Уәкілетті органның банк жұмысын доғару жөніндегі шешімін бұздыру туралы банк акционерлері он күн мерзім ішінде сот тәртібімен шағым бере алады. Аталған шешімді бұздыру жөнінде шағым беру банктің жұмысын доғаруды тоқтата алмайды.

36. Банкке келтірілген зиян үшін уақытша әкімшіліктің басшысы мен мүшелері (уақытша басқарма) қолданылып жүрген заңның белгілеуі бойынша жауапты болады. Осы орайда жауапты әкімшіліктің басшысына және мүшелеріне (уақытша басқармаға) қалыпты өндірістік тәуекел санатына жатқызылатын зиян үшін жауапкершілік жүктеуге жол берілмейді.

37. Осы Ережелерде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарының нормаларына сәйкес шешілуге тиіс.

Ескерту: 37-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 1998.12.31. N 340 қаулысымен.

Төраға

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК